**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 62 және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 56 бірлескен қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда № 20593 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 және "Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің соңғы сатыдағы қарыздарды беру тәртібін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы бірлескен қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бірлескен қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы бірлескен қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының қаржылық тұрақтылық және зерттеулер бөлімшесіне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бірлескен қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігінің Төрағасы* | *М. Абылкасымова* |
| *Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы* | *Е. Досаев* |

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 56 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 62 бірлескен қаулысымен
бекітілді

# Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидалар

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) соңғы сатыдағы қарыздарды (бұдан әрі – қарыз, қарыздар) екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі – банк) беру тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мына ұғымдар пайдаланылады:

1) біртекті банктік қарыздар портфелі – кредиттік тәуекел сипаттамалары ұқсас банктік қарыздар тобы;

2) дисконт –банк активтерінің ықтималды құнсыздануына байланысты тәуекелдерді төмендету мақсатында Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабына сәйкес Ұлттық Банк белгілейтін кепілге берілетін банк активтерінің құны азайтылатын, сондай-ақ бар

болғанда кепіл затын ұстау бойынша шығасылар, банктің берешегін өндіріп алу шығыстары және берілген қарызға байланысты басқа ықтимал шығыстар ескерілетін пайыз;

3) жеке банктік қарыздар – банк әрбір осындай қарыз бойынша провизиялар ( резервтер) есептейтін банктік қарыздар;

4) кепіл препозициясы – банкке қарыз берілген жағдайда, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) және Ұлттық Банктің кепілге қабылдауы үшін тиімді банктің нарықтық емес активтерін айқындау жөніндегі алдын ала рәсім;

5) кепілге қабылдауға арналған нарықтық емес активтердің тізбесі – қамтамасыз ету пулындағы және Ұлттық Банктің қарыз бойынша банктің міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуі ретінде қабылдауы үшін тиімді нарықтық емес активтерді айқындау туралы мәліметтер қамтылатын тізбе;

6) қамтамасыз ету пулы – кепіл препозициясынан өткен нарықтық емес активтердің жиынтығы;

7) қорландыру жоспары – қарыз тартудың болжамды мерзімі ішіндегі банктің нақты және болжамды түсімі, оның ішінде қарыз алуға жоспарланып отырған соманы және ақшаның әкетілуі туралы ақпаратты қамтитын, банктің қарызды өтеу, тез арада қалпына келтіруге арналған қаржылық, инвестициялық және операциялық ағындарды оңтайландыру және одан әрі пруденциялық нормативтердің сақталуын қамтамасыз ету қабілеті туралы куәландыратын банктің құжаты;

8) нарықтық активтер – өтімділігі жоғары және тәуекелі төмен бағалы қағаздар;

9) нарықтық емес активтер – банктің қарыз алушысы мен банктің арасында жасалған банктік қарыз шарттары (бұдан әрі – банктік қарыз шарты) бойынша құқықтар (талаптар);

10) нарықтық емес активтер кезегі – банк кепіл препозициясына ұсынған, олар бойынша уәкілетті орган қамтамасыз ету пулына енгізу туралы немесе енгізуден бас тарту туралы әлі шешім қабылдамаған нарықтық емес активтер;

11) өтімділіктің идиосинкратиялық күйзелісі – банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың банктегі өтімділіктің тапшылығына алып келетін және банктің депозиторлар мен кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру қабілетіне деген сенімді жоғалтудан туындаған талаптарын қоспағанда, депозиторлар мен кредиторлардың жаппай талаптары;

12) өтімділіктің қысқа мерзімді тапшылығы – өтімділігі жоғары активтер көлемінің пруденциялық нормативтер бұзылатын және (немесе) клиенттер талаптарының орындалмау қаупі туындайтын деңгейге дейін төмендеуі;

13) соңғы сатыдағы қарызды берудің жалпы талаптары туралы шарт (бұдан әрі – қарыздың жалпы талаптары туралы шарт) – барлық банктер үшін бірыңғай болып

табылатын кепіл препозициясының және қарыз берудің жалпы талаптары көзделетін және Ұлттық Банктің, уәкілетті органның және банктің арасында жасалатын шарт.

3. Ұлттық Банк қарызды банкке Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және жүйелік тәуекелдердің алдын алу мақсатында береді.

4. Ұлттық Банк берген қарыз банк өтімділігінің қысқа мерзімді тапшылығын жабу үшін пайдаланылады және оның төлем қабілеттілігін қолдау құралы болып табылмайды.

5. Ұлттық Банк банкке қарызды Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабында және Қағидаларда көрсетілген тәртіппен және талаптармен береді.

Соңғы сатыдағы қарыз шарты банктің қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу және қарыз шартына (қарыздың жеке талаптары) (бұдан әрі – қарыз шарты) қол қою жолымен жасалады.

6. Ұлттық Банк және уәкілетті орган Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабына және Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-бабының 5-тармағына сәйкес Қағидаларда көзделген тәртіппен және мерзімде қарыздар беру тетігін іске асыру үшін қажетті ақпаратпен, мәліметтермен және құжаттармен алмасуды жүзеге асырады.

## 2-тарау. Қарыз беру талаптары

7. Ұлттық Банк өтімділіктің қысқа мерзімді тапшылығына ұшырап отырған және жиынтығында мынадай шарттарды қанағаттандыратын:

1) банк өзінің депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер және ( немесе) Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына немесе төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылмаған;

2) банктің Ұлттық Банктің алдында мерзімі өткен берешегі жоқ;

3) банк қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылған банкке қарыз береді.

8. Қарыз Қағидалардың 10-тармағында көзделген банк активтерінің кепіліне Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен беріледі.

9. Қарыз банкке кемінде үш рет мерзімін ұзарту мүмкіндігімен күнтізбелік он төрт күннен бастап күнтізбелік тоқсан күнге дейінгі мерзімге беріледі. Барлық мерзімін ұзартуды қоса алғанда қарызды пайдаланудың жалпы мерзімі бір жылдан аспайды. Қарыздың мерзімін ұзарту Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабында және Қағидаларда көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Ұлттық Банк қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге банкке тиесілі мынадай активтерді қабылдайды:

1) нарықтық активтер;

2) нарықтық емес активтер.

Бағалы қағаздар мынадай талаптарға сәйкес келгенде өтімділігі жоғары және тәуекелі төмен болып есептеледі:

Қазақстан Республикасының қор биржасының ресми тізіміне енгізілген;

бағалы қағаздарды кепілге беретін банк осындай бағалы қағаздардың эмитенті болып табылмайды;

Standard & Poor's, Moody's Investors Service және (немесе) Fitch рейтингтік агенттіктерінің бірінің жіктелімі бойынша Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингі деңгейінен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар.

Қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылданатын нарықтық активтердің тізімі және оларға дисконттар Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Егер нарықтық емес активтер Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нарықтық емес активтерге қойылатын талаптарға сәйкес келсе, кепіл препозициясы рәсімінен өтсе және қамтамасыз ету пулына енгізілсе, олар қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылданады.

11. Қарыздың бүкіл мерзімі ішінде сыйақыны толық көлемде есепке ала отырып, қарыз сомасынан дисконтты ескеріп, банктің кепілге берілген активтерінің құнынан асып кеткен кезде қарыз қамтамасыз етілген болып есептеледі.

12. Ұлттық Банк қарыз сомасын өтімділіктің нақты немесе болжамды қысқа мерзімді тапшылығының ең жоғарысынан аспайтын мөлшерде айқындайды.

Өтімділіктің болжамды қысқа мерзімді тапшылығының мөлшері банктің қарыз берілген кезде және қарызды пайдалану мерзімі ішінде онымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар алдындағы міндеттемелерді орындауын қоспағанда, сол кезеңдегі ақшаның болжамды ағынын шегере отырып, олардың мерзімінен бұрын өтелуін ескеретін оның депозиторлары мен кредиторлары алдындағы міндеттемелері бойынша ақша әкетілу сомасы ретінде есептеледі.

13. Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі қарызды толық көлемде өтеу күніне дейін Ұлттық Банктің екі пайыздық тармаққа ұлғайтылған қарызды беру немесе ұзарту күнінде қолданылатын базалық мөлшерлемесі деңгейінде белгіленеді.

Қарыз бойынша сыйақыны есептеу Ұлттық Банк банкке қарыз берген күннен бастап қарызды толық көлемде өтеу күніне дейін (қоса алғанда) жүзеге асырылады. Сыйақыны есептеу үшін жылына үш жүз алпыс күнтізбелік күн және бір айдағы отыз күнтізбелік күн не толық емес айдағы нақты күнтізбелік күн саны есепке алынады.

14. Егер Қағидаларда құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді электрондық форматта ұсыну айқындалмаған жағдайда, банк құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді Ұлттық Банкке (немесе) уәкілетті органға, сондай-ақ Ұлттық Банк және (немесе) уәкілетті орган банкке қағаз тасымалдағышта ұсынады.

Банк, Ұлттық Банк және уәкілетті орган арасында Қағидаларда көзделген құжаттармен, ақпаратпен және (немесе) мәліметтермен алмасу Ұлттық Банк осындай хабарламаны жіберген күннен бастап электрондық форматта жүзеге асырылады.

15. Ұлттық Банк қарызды банктің Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотына ақшаны аудару арқылы береді.

## 3-тарау. Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу тәртібі

16. Ұлттық Банк Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыздың жалпы талаптары туралы шартты Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырады.

17. Қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың талаптарын банк ұсынылған қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу арқылы қабылдайды.

18. Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу үшін банк Ұлттық Банкке Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу туралы өтінішті (бұдан әрі – қосылу туралы өтініш) жібереді. Қосылу туралы өтінішке банктің бірінші басшысы не ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адам қол қояды. Банк бірмезгілде уәкілетті органға жазбаша түрде көшірмесін қоса беріп, Ұлттық Банкке қосылу туралы өтінішті бергені туралы хабарлайды.

19. Банк қосылу туралы өтініш жіберіп қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың талаптарымен танысқанын, келіскенін және қабылдағанын растайды.

20. Уәкілетті орган Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген қосылу туралы өтініш келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қосылу туралы өтініш күніндегі жағдай бойынша банктің Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес келуі туралы мәліметтерді Ұлттық Банкке жібереді. Ұлттық Банкке жіберілетін уәкілетті органның мәліметтеріне Қағидалардың 4 -қосымшасына сәйкес нысан бойынша қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу туралы уәкілетті органның тарапынан қол қойылған хабарлама не Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосудан бас тарту туралы хабарлама қоса беріледі.

Ұлттық Банк банктің ең төменгі резервтік талаптарды сақтауын және банктің Ұлттық Банк алдында мерзімі өткен берешегінің жоқтығын тексереді. Қосылу туралы өтінішті, осы тармақта көрсетілген құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді қарау нәтижелері бойынша Ұлттық Банк банкке Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұлттық Банк және уәкілетті орган қол қойған қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосу туралы хабарламаны не Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосудан бас тарту

туралы хабарламаны Ұлттық Банкке уәкілетті органның осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген банк туралы мәліметтері келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

21. Егер банк қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылғаннан кейін уәкілетті орган банкті оның депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін банктердің санатына немесе төлем жасауға қабілетсіз банктердің санатына жатқызса, Ұлттық Банк "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 61-6 және 61-7-баптарына сәйкес уәкілетті органнан шешімді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде банктің қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуын тоқтатады, Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуды тоқтату туралы хабарламаны банкке жібереді, сондай-ақ уәкілетті органға банктің қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуы тоқтатылғаны туралы хабарлайды.

Банктің қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуын тоқтатуы уәкілетті органның қамтамасыз ету пулынан кепіл препозициясынан өткен нарықтық емес активтерді алып тастауына әкеп соғады. Банктің бұрын берілген қарыз бойынша Ұлттық Банк алдындағы міндеттемелері Ұлттық Банктің кредитор және кепіл ұстаушы ретіндегі барлық құқықтары сияқты толық көлемде сақталады.

Банктің қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуы Қағидалардың 18, 19, және 20-тармақтарында көзделген іс-шараларды жүзеге асыру жолымен қайта басталады.

## 4-тарау. Кепіл препозициясын жүзеге асыру тәртібі

22. Кепіл препозициясы банктің нарықтық емес активтер кепіліне қарыз алуға үнемі дайын болуын қамтамасыз ету және қолдау мақсатында жүзеге асырылады және уәкілетті органның банк ұсынған нарықтық емес активтерді Қағидалардың талаптарына сәйкес келуін тексеруін және олардың құнын айқындауды қамтиды.

Кепіл препозициясынан өтпеген нарықтық емес активтер банк қарыз үшін өтініш жасаған жағдайда, Ұлттық Банк банктің міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін қабылдамайды.

23. Кепіл препозициясы үшін банк банктің бірінші басшысы не ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адам қол қойған, Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға кепіл препозициясы туралы өтінішхатты береді және бірмезгілде Ұлттық Банкті уәкілетті органға көшірмесін қоса бере отырып, кепіл препозициясы туралы өтінішті ұсынғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

24. Кепіл препозициясы туралы өтінішке мына құжаттар, ақпарат және (немесе) мәліметтер:

1) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдағышта және электрондық форматта нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпарат;

2) нарықтық емес активтерге шектеулердің және (немесе) ауыртпалықтардың жоқтығын растайтын мәліметтер, оның ішінде жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме қоса беріледі;

3) банктік қарыз шарттары шеңберінде банк салған ауыртпалықтарды қоспағанда, банктік қарыз шарттары бойынша банк қарыз алушыларының міндеттемелерін орындау қамтамасыз етілген мүлікке шектеулердің және (немесе) ауыртпалықтардың болмауы туралы құжаттар және (немесе) ақпарат;

4) банк кепіл препозициясы туралы өтініш берген сәтке дейін алты айдан аспайтын мерзімге Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жасаған қамтамасыз ету пулына енгізу үшін құқықтары (талаптары) жеке банктік қарыздары бойынша банк қарыз алушыларының міндеттемелерін орындау қамтамасыз етілген мүлікті бағалау туралы есеп;

5) құқықтары (талаптары) қамтамасыз ету пулына енгізу үшін жіберілетін жеке банктік қарыздары бойынша қарыз алушы заңды тұлғалардың қаржылық есептілігі ( бухгалтерлік баланс, пайда мен зиян туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп).

Банк қарыз алушы заңды тұлғаның соңғы есепті тоқсандағы жеке банктік қарыздары бойынша қаржылық есептілігін, сондай-ақ алдыңғы кемінде үш күнтізбелік жыл үшін қаржылық есептілікті (бар болса жылдық аудиттелген қаржылық есептілік ұсынылады) жолдайды.

Қаржылық есептілік қарыз алушы заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қойған .xls немесе .xlsx форматтарында электрондық форматта ұсынылады:

Банк уәкілетті органға осы тармақта көзделген қарыз алушы заңды тұлғалардың қаржылық есептілігін Ұлттық Банктің ұсынымдарына сәйкес осындай ұсынымдары бар хатты жолдаған күннен бастап электрондық стандарттандырылған форматта ұсынады.

25. Банк уәкілетті органның сұратуы бойынша мына құжаттарды, ақпаратты және ( немесе) мәліметтерді:

1) банктің банктік қарыз шарттары бойынша құқықтарын (талаптарын) растайтын құжаттарды, оның ішінде банктің қарыз алушысының кредиттік досьесін (немесе) қарызды, банктік қарыз шарттарын қамтамасыз ету үшін жасалған кепіл шарттарының көшірмелерін;

2) банк кепіл препозициясы туралы өтініш берген сәтке дейін алты айдан аспайтын мерзімге Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жасаған біртекті банктік қарыздар портфелінде көрсетілген банктік қарыз шарттары

бойынша банк қарыз алушыларының міндеттемелері орындалуы қамтамасыз етілген мүлікті бағалау туралы есепті ұсынады;

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың .pdf, .tiff немесе .jpg пішімдерінде электрондық көшірмелерін электрондық тасымалдағышта ( дискте) ұсынуға, сондай-ақ уәкілетті органның салыстырып тексеруді жүзеге асыру үшін сондай құжаттардың, ақпараттың және (немесе) мәліметтердің түпнұсқаларын сұратуын жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

26. Банк кепіл препозициясы туралы өтінішті жолдай отырып, ұсынылған құжаттардың, ақпараттың және (немесе) мәліметтердің дәйектілігін және кепіл препозициясы туралы өтінішхатқа қоса берілген Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратта көрсетілген нарықтық емес активтерге қатысты шектеулердің және (немесе) ауыртпалықтардың, банкке нарықтық емес активтерді үшінші тұлғаға немесе Ұлттық Банкке беруге тыйым салатын талаптар, нарықтық емес активтерден өндіріп алу үшін даулар мен кедергілер, аталған банктік қарыз шарттарын жарамсыз деп тану үшін негіз жоқ екенін, сондай-ақ құқықтары (талаптары) кепіл препозициясы туралы өтінішхатқа қоса берілген Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратта көрсетілген банктік қарыз шарттары бойынша қарыз алушыларға қатысты "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес олардың күдікті операциялар жүргізгені туралы мәліметтер жоқ екенін растайды.

27. Банк Қағидалардың 24 және (немесе) 25-тармақтарында көзделген құжаттардың, ақпараттың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган банкке жетіспейтін құжаттар, ақпарат және (немесе) мәліметтер жайында және оларды ұсыну қажеттігі туралы жазбаша нысанда хабарлайды. Банк жетіспейтін немесе сұратылған құжаттарды уәкілетті орган банкке хабарлама жіберген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде ұсынады.

Егер банк жетіспейтін немесе уәкілетті орган сұратқан құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде ұсынбаса, уәкілетті орган банктің жетіспейтін немесе сұратылған құжаттарды, ақпаратты және ( немесе) мәліметтерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін келесі жұмыс күні банкке кепіл препозициясына құжаттары, ақпарат және (немесе) мәліметтері жоқ активтерді қабылдаудан бас тартады және бірмезгілде бұл туралы Ұлттық Банкті хабардар етеді.

28. Уәкілетті орган кепілдің препозициясы туралы өтінішхатты және Қағидалардың 24 және 25-тармақтарында көзделген құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді қараған кезде, соның ішінде нәтижелердің жеткілікті дәйектілігін, банк қалыптастырған провизиялардың барабарлығын қамтамасыз ететін іріктеп бағалау әдісін қолданып, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ұсынылған активтердің нарықтық

емес активтеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін тексереді. Уәкілетті органда нарықтық емес активтердің айтарлықтай елеулі құнсыздануын көрсететін ақпарат бар болған жағдайда, уәкілетті орган күтілетін шығын мәнін Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратта көрсетеді.

29. Уәкілетті орган қамтамасыз ету пулына енгізу не енгізуден бас тарту жөнінде шешім қабылдау мақсатында бір ай ішінде қарайтын банк препозиция кепіліне ұсынған нарықтық емес активтердің кезегінде тұрған нарықтық емес активтер бірлігінің саны жеке банктік қарыздары үшін елу бірліктен кем емес және айдың басында бар болған жағдайда, біртекті қарыз шарттарының портфельдері үшін екі бірлікті құрайды.

Уәкілетті орган банк біртекті банктік қарыздар портфелі бойынша ұсынған құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді қарау кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16502 болып тіркелген " Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 269 қаулысына сәйкес банк бекіткен провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне сәйкес банк біртекті банктік қарыздар портфелі бойынша қалыптастырған провизиялардың барабарлығын тексереді.

30. Банктің кепілге берілетін нарықтық емес активтерін активтердің Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нарықтық емес активтерге қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру кезінде уәкілетті органның банкпен келісуі бойынша қажет болған жағдайда банктің қаражаты есебінен бағалау қызметі субъектілерін тартуына рұқсат беріледі.

31. Банк нарықтық емес актив бойынша дәйексіз, расталмаған құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсынған фактілері анықталған жағдайда уәкілетті орган осындай активті қамтамасыз ету пулына енгізуден бас тартады және банкке Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулына енгізуден бас тарту туралы хабарламаны жібереді.

Егер уәкілетті орган кепілдің препозициясы туралы өтінішті қарау барысында банктің нарықтық емес активтер бойынша дәйексіз, расталмаған құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсынған екі жағдайдан астам жағдайды анықтаған болса, уәкілетті орган кепілдің препозициясы туралы өтінішті қараусыз қалдырды және банк пен Ұлттық Банкке банктің дәйексіз, расталмаған құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді беруі туралы хабарлайды.

Банктің құжаттардың, ақпараттың және (немесе) мәліметтердің дәйексіздігін, расталмауын жойғаннан кейін және уәкілетті орган банкке осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны жібергеннен кейін бір айдан ерте емес мерзімде кепіл препозициясы туралы өтінішпен қайта жүгінуіне жол беріледі.

32. Банк кепіл препозициясы туралы өтінішхатта көрсеткен нарықтық емес активтерді Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген санда және мерзімде тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті орган:

1) нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулына енгізу не енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және қамтамасыз ету пулындағы активтер бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратты уәкілетті органның толтыруы үшін көзделген Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырады ;

2) банкке Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулына енгізуден бас тарту туралы хабарламаны немесе Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулына енгізгені тарту туралы хабарламаны жібереді және қамтамасыз ету пулындағы әрбір нарықтық емес активке бірегей сәйкестендіру нөмірін бере отырып, қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтердің тізімін қоса береді;

3) банк пен Ұлттық Банк үшін қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтер туралы ақпаратқа тұрақты қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

4) қамтамасыз ету пулына енгізілген нарықтық емес активтер бойынша қарыздың жалпы талаптары туралы шарт бойынша қамтамасыз ету ретінде Ұлттық Банктің қабылдауы үшін қолайлы банктің нарықтық емес активтерін айқындау туралы қорытындыны (бұдан әрі – кепілге қабылдау үшін қолайлы банктің нарықтық емес активтерін айқындау туралы қорытынды) дайындайды.

33. Банктің кепілге қабылдау үшін қолайлы нарықтық емес активтерін айқындау туралы қорытындыда:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нарықтық емес активтердің нарықтық емес активтерге қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер, сондай-ақ банктік қарыз шарттары бойынша банк қалыптастырған провизиялардың барабарлығы туралы мәліметтер;

2) құқықтары (талаптары) қамтамасыз ету пулына енгізілетін жеке банктік қарыздар бойынша банк қарыз алушыларының төлем қабілеттілігіне жүргізілген іріктеп бағалау туралы мәліметтер қамтылған.

34. Уәкілетті орган Ұлттық Банкке уәкілетті орган банкке нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулына енгізу туралы хабарламаны жіберген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде кепілге қабылдау үшін қолайлы банктің нарықтық емес активтерін айқындау туралы қорытындыны жібереді. Банктің кепілге қабылдау үшін қолайлы нарықтық емес активтерін айқындау туралы қорытындыны Ұлттық Банк қарыз бойынша қамтамасыз етуді қалыптастыру кезінде пайдаланады.

## 5-тарау. Кепіл препозициясындағы нарықтық емес активтерді мониторингтеуді жүргізу тәртібі

35. Банк уәкілетті органға кепіл препозициясынан өткен және қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтер бойынша жаңартылған құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді:

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамасы туралы ақпаратты – бір айда бір реттен жиі емес;

Қағидалардың 24-тармағының 5) тармақшасында көзделген құжаттар бойынша – үш айда бір реттен жиі емес;

Қағидалардың 24-тармағында көзделген құжаттар бойынша – бір жылда бір реттен жиі емес ұсынады.

Құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсыну осы тармақта көрсетілген кезеңдерден кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Осы тармақта көзделген құжаттар, ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынылмаған және (немесе) осы тармақта белгіленген мерзімдерді бұза отырып ұсынылған нарықтық емес активтер банктің құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қамтамасыз ету пулынан шығарылады.

Егер банктік қарыз шарттарын өтеу мерзімі күнтізбелік алты айдан кейін басталса, осындай банктік қарыз шарттары бойынша құқықтар (талаптар) қамтамасыз ету пулынан шығарылады.

36. Уәкілетті орган:

бір айда бір реттен жиі емес уәкілетті орган толтыру үшін көзделген Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратты жандандырады;

бір тоқсанда бір реттен жиі емес банктің Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкестігіне мониторинг жүргізеді және қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтер бойынша Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк ұсынған нарықтық емес активтердің сипаттамасы туралы ақпаратты тексереді;

бір жылда бір реттен жиі емес құқықтары (талаптары) қамтамасыз ету пулында болатын банктік қарыз шарттары бойынша банк қарыз алушыларының қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізеді.

37. Егер банкке нарықтық емес активтердің Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеу фактісі туралы және (немесе) қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтер сапасының нашарлауының объективті куәліктерінің болуы туралы белгілі болса, банк фактілер анықталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға алып тастау себептерін көрсете отырып, Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулынан алып тастау туралы өтінішхатты жібереді.

38. Уәкілетті орган банктің қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтерінің тұрақты мониторинг нәтижелері бойынша Қағидалардың талаптарына сәйкес еместігін анықтаған жағдайда және (немесе) банктің нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулынан алып тастау туралы өтінішхатының негізінде уәкілетті орган осындай активтерді қамтамасыз ету пулынан алып тастайды, қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтердің тізімін жаңартады және Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің нарықтық емес активтерінің сәйкессіздік фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулынан шығару туралы хабарламаны банкке жібереді.

39. Уәкілетті орган Қағидалардың 36-тармағының төртінші абзацында көзделген банктер қарыз алушыларының қаржылық жай-күйі мониторингінің нәтижелерін осындай мониторинг жүргізу аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Ұлттық Банкке жібереді.

## 6-тарау. Қарыз беру

40. Қарыз алу үшін банк Ұлттық Банкке Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, банктің бірінші басшысы не ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адам қол қойған қарыз беру туралы өтінішхатты қарыз сомасын, қарыз мерзімін, сондай-ақ өтімділіктің идиосинкратиялық күйзелісінің пайда болу себептерін көрсете отырып ұсынады және бір мезгілде қарыз беру туралы өтінішхатты оның көшірмесін және қарыз беру туралы өтінішхатта көрсетілген қарыз мерзіміне сәйкес келетін кезеңге қорландыру жоспарын қоса бере отырып, Ұлттық Банкке бергені туралы жазбаша түрде уәкілетті органды хабардар етеді.

Банк қарыз беру туралы өтінішхатты жібере отырып, нарықтық емес активтер туралы құжаттар, ақпарат және (немесе) мәліметтер және оларды ұсыну Қағидалардың 35-тармағында көзделген және нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпарат соңғы жаңартылған күнгі жағдай бойынша ұсынылған Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпарат өзекті болып табылатынын растайды.

41. Банк қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде нарықтық активтерді ұсынған кезде қарыз беру туралы өтінішхатқа мынадай құжаттар, ақпарат және (немесе) мәліметтер:

1) банктің меншік құқығын және нарықтық активтерге шектеулердің және (немесе) ауыртпалықтардың жоқтығын растайтын құжаттар;

2) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық активтердің сипаттамасы туралы ақпарат қоса беріледі.

42. Банк Ұлттық Банкке Қағидалардың 41-тармағында көзделген құжаттардың, ақпараттың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынбаған жағдайда,

Ұлттық Банк құжаттар, ақпарат және (немесе) мәліметтер келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде банкке жетіспейтін құжаттар, ақпарат және (немесе) мәліметтер және оларды ұсыну қажеттілігі туралы жазбаша түрде хабарлайды. Банк жетіспейтін құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді Ұлттық Банк хабарлама жіберген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынады.

43. Уәкілетті орган банктің қарыз беру жөніндегі өтінішхаты туралы хабарламаны және қорландыру жоспарын қарайды, банктің Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкестігін тексереді, уәкілетті органға Қағидалардың 40-тармағында көзделген құжаттар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімде қарыз берудің орындылығы туралы қорытындыны дайындайды және Ұлттық Банкке жібереді.

44. Қарыз берудің орындылығы туралы қорытындыға уәкілетті органның бірінші басшысы не ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

Қарыз берудің орындылығы туралы қорытындыда:

1) банктің Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер;

2) қарыз беру туралы өтініште көрсетілген банкте өтімділік күйзелісінің туындау себептері және олардың өтімділіктің идиосинкратиялық күйзелісіне сәйкестігі туралы мәліметтер;

3) банкті қорландыру жоспарындағы шаралардың сәйкестігі және банктің қысқа мерзімді өтімділік тапшылығын жою қабілеті туралы мәліметтер;

4) Ұлттық Банктің қарыз беру туралы өтініш бойынша шешім қабылдауы үшін қажетті мәліметтер (бар болса) қамтылады.

45. Қарыз берудің орындылығы туралы оң қорытынды болған жағдайда уәкілетті орган қарыз берудің орындылығы туралы қорытындыға банктің ақпаратты соңғы жаңартқан күнгі жағдай бойынша Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратпен бірге кепілге алу үшін нарықтық емес активтердің алдын-ала тізбесін қоса тіркейді. Кепілге қабылдау үшін дисконтты ескере отырып, нарықтық емес активтердің жиынтық құны қарыз сомасына тең не тиесілі сыйақы есепке алына отырып, қарыз беру туралы өтініште көрсетілген қарыз сомасынан көп.

46. Уәкілетті орган кепілге қабылдау үшін нарықтық емес активтердің алдын-ала тізбесін қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтерді қосу арқылы мынадай кезектілікпен қалыптастырады:

1) бірінші кезекте Қағидалардың 66-тармағына сәйкес айқындалған ең аз дисконтымен нарықтық емес активтер қосылады;

2) дисконттар тең болған кезде бірінші кезекте заңды тұлғаларға берілген банктік қарыз шарттары бойынша құқықтар (талаптар), екінші кезекте – жеке тұлғаларға берілген банктік қарыз шарттары бойынша құқықтар (талаптар) қосылады;

3) заңды немесе жеке тұлғаларға берілген банктік қарыз шарттары бойынша құқықтар (талаптар) арасында бірінші кезекте өтеу күні неғұрлым жақын банктік қарыз шарттары бойынша құқықтар (талаптар) қосылады.

Ұлттық Банк кепілге қабылданған нарықтық емес активтердің соңғы тізбесі туралы шешім қабылдайды және қажет болған кезде нарықтық емес активтердің алдын-ала тізбесіндегі нарықтық емес активтерді алып тастайды немесе қамтамасыз ету пулындағы басқа активтерге ауыстырады.

47. Бағалы қағаздар өтімділігіне және өтеу мерзіміне байланысты іріктеледі. Бағалы қағазды өтеу күні қарызды өтеу мерзімі басталғаннан кейін күнтізбелік тоқсан күннен кейін басталған жағдайда, бағалы қағаздар қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде қабылданады.

Ұлттық Банк қарыз бойынша қамтамасыз етуді қалыптастырады және кепілге қабылдау үшін бірінші кезекте нарықтық активтерді, екінші кезекте Қағидалардың 46-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген тізбедегі нарықтық емес активтерді іріктейді.

48. Ұлттық Банк Басқармасы қарыз беру, қарызды өтеу сомасы мен мерзімі туралы өтінішті қанағаттандыру немесе қарыз беру туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімді Ұлттық Банкке уәкілетті органнан қарыз берудің орындылығы туралы қорытынды және кепілге нарықтық емес активтердің алдын-ала тізбесі келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдайды.

Ұлттық Банк Басқармасы шешім қабылдағаннан кейін, Ұлттық Банк банкке және уәкілетті органға:

1) қарыз беру туралы өтініш қанағаттандырылған жағдайда – Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз беру туралы хабарламаны;

2) қарыз беру туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартылған жағдайда – Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз беруден бас тарту туралы хабарламаны жібереді.

49. Егер қарыз беру туралы хабарламада көрсетілген қарыз сомасы банктің қарыз беру туралы өтінішінде көрсетілген сомадан ерекшеленетін болса, банк Ұлттық Банк қарыз беру туралы хабарлама жіберген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде берілген қарыз сомасын ескере отырып, түзетілген қорландыру жоспарын уәкілетті органға жібереді.

50. Ұлттық Банк Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз шартының екі данасын және қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде іріктелген активтердің тізімін қоса бере отырып, кепіл шартының екі данасын банктің бірінші басшысы не ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қол қоюы үшін банкке жібереді. Банк Ұлттық Банктен құжаттарды алған соң, келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкке қарыз шартының және кепіл шартының қол қойылған даналарын қайтарады.

Ұлттық Банк Басқармасының қарыз беру туралы өтінішін қанағаттандыру туралы шешімі, қол қойылған қарыз шарты мен кепіл шарты негізінде Ұлттық Банк банктің Ұлттық Банкте ашылған және қарыз беру туралы өтініште көрсетілген корреспонденттік шотына ақша аудару арқылы қарыз береді.

51. Қарыз шеңберінде алынған ақшаны Банк:

1) инвестицияларды жүзеге асыру, қарыздар беру және активтерді құру бойынша басқа да операциялар;

2) банк немесе онымен тікелей не жанама байланысты тұлғалар бенефициары болып табылатын міндеттемелерді орындау;

3) валюта нарығында операциялар жасау, оның ішінде валюталық тәуекелдерді хеджирлеу;

4) банктің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу үшін пайдалана алмайды.

52. Ұлттық Банк қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде іріктеп алынған нарықтық емес активтер кепілін тіркеуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады.

Қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде іріктеп алынған бағалы қағаздар кепілін тіркеу банктің және Ұлттық Банктің осындай бағалы қағаздар кепілін тіркеуге арналған бұйрықтарды орталық депозитарийге жіберуі арқылы жүргізіледі.

Қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде іріктеп алынған активтер кепілі тіркелгеннен кейін Ұлттық Банк қол қойған қарыз шартының және кепіл шартының даналары банкке қайтарылады.

53. Негізгі борышты өтеу қарыз шартында көрсетілген мерзімге сәйкес жүзеге асырылады. Қарыз бойынша міндеттемелерді орындау күні және (немесе) банктің бастамасымен қарыз мерзімінен бұрын қайтарылған жағдайда, банк қарыз шартында көрсетілген Ұлттық Банктің деректемелеріне ақша жібереді.

54. Күнтізбелік отыз күнге дейінгі мерзімге берілген қарыз бойынша сыйақы төлеу негізгі борыштың барлық сомасын өтеумен қатар бір уақытта жүзеге асырылады, ал күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімге берілген қарыз бойынша – әр кезекті айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша. Қарыз өтелетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен аз уақыт қалса, сыйақы төлеу негізгі борыштың барлық сомасын өтеумен қатар бір уақытта жүзеге асырылады.

55. Банктің қарыз бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара мерзімінен бұрын орындауына рұқсат етіледі. Қарызды мерзімінен бұрын өтеу кезінде сыйақы мөлшері қарыз мәні пайдаланылған нақты уақытқа есептеледі.

56. Банк қарыз бойынша міндеттемелерді орындағаннан кейін Ұлттық Банк банкке Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес қарыз бойынша міндеттемелердің тоқтатылғандығы туралы хабарлама жібереді. Банк нарықтық емес активтер кепілін тоқтатуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады. Бағалы қағаздар кепілін тоқтату үшін банк

және Ұлттық Банк орталық депозитарийге кепілге берілген бағалы қағаздар кепілінің тоқтатылуын тіркеуге бұйрық жібереді.

## 7-тарау. Қарызды ұзарту тәртібі

57. Қарызды ұзарту үшін банк Ұлттық Банкке банктің бірінші басшысы не ол жоқ болған жағдайда оның міндетін атқаратын адам қол қойған, қорландыру жоспары орындалмаған себебін көрсете отырып Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарызды ұзарту туралы өтініш ұсынады және онымен бір уақытта Ұлттық Банкке қарызды ұзарту туралы өтініш ұсынғаны туралы уәкілетті органға жазбаша түрде хабарландыру жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарландыруға қарызды ұзарту туралы өтініште көрсетілген мерзімге сәйкес келетін кезеңге қорландыру жоспары қоса беріледі.

Мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын қарыз бойынша банк қарыз мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, ал мерзімі күнтізбелік отыз күннен асатын қарыз бойынша – қарыз мерзімі аяқталғанға дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей қарызды ұзарту туралы өтініш жібереді.

58. Уәкілетті орган банктің қарызды ұзарту туралы өтініші жайлы хабарландыруын және қорландыру жоспарын қарайды, уәкілетті органға хабарландыру мен қорландыру жоспары келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Ұлттық Банкке қарызды ұзарту мақсатына сәйкестігі туралы қорытындыны дайындайды және жібереді.

Уәкілетті орган банктің Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкестігін тексереді, банк көрсеткен бастапқы қорландыру жоспарын орындамау себептерін талдайды және ол ақпаратты қарызды ұзарту мақсатына сәйкестігі туралы қорытындысында көрсетеді.

59. Қарызды ұзарту мақсатына сәйкестігі туралы қорытынды мақұлданған жағдайда , уәкілетті орган кепілге қабылданған нарықтық емес активтер бойынша мәліметтерді жаңартады, және Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген қарызды қамтамасыз ету талаптары бұзылған жағдайда, қарызды ұзарту мақсатына сәйкестігі туралы қорытындыға Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратты соңғы жаңарту күніндегі жағдай бойынша қарыз бойынша кепілге қабылдау үшін нарықтық емес активтердің алдын ала тізбесін қосып береді.

60. Ұлттық Банк Басқармасы қарызды және қарызды өтеу мерзімін ұзарту туралы өтінішін қанағаттандыру немесе қарызды ұзарту туралы өтінішін қанағаттандырудан

бас тарту туралы шешімді Ұлттық Банкке уәкілетті органнан қарызды ұзарту мақсатына сәйкестігі туралы қорытындыны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Ұлттық Банк Басқармасы шешім қабылдаған соң, Ұлттық Банк банкке және уәкілетті органға Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарызды ұзарту туралы хабарлама немесе Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарызды ұзартудан дәлелді бас тарту туралы хабарлама жібереді.

61. Ұлттық Банк Басқармасының қарызды ұзарту туралы өтінішін қанағаттандыру шешімі негізінде Ұлттық Банк қарыз шартына қосымша келісімді дайындайды және қажет болған жағдайда кепіл шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Ұлттық Банк банкке қарыз шартына қосымша келісімнің екі данасын және қажет болған кезде қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде іріктеп алынған активтер тізімін қоса бере отырып, кепіл шартына қосымша келісімнің екі данасын жібереді. Банк Ұлттық Банктен құжаттарды алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкке қол қойылған қарыз шартына қосымша келісімнің қол қойылған даналарын және қажет болған кезде кепіл шартына қосымша келісімді қайтарады.

62. Қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде іріктеп алынған активтер кепілін тіркеу Қағидалардың 52-тармағына сәйкес жүзеге асырылады . Қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде іріктеп алынған активтер кепілін тіркегеннен кейін Ұлттық Банк қол қойған банк құжаттарының даналары банкке қайтарылады.

## 8-тарау. Кепілге қабылданатын активтер құнын бағалау тәртібі

63. Қарыз берілген кезде қамтамасыз ету пулында орын алған нарықтық активтер мен нарықтық емес активтер кепілге дисконт есебімен Ұлттық Банк белгілеген активтер құны бойынша қабылданады.

64. Қарыз бойынша қамтамасыз етуге қабылданатын нарықтық активтер тізімінен бағалы қағаздар құны осындай бағалы қағаздардың Қазақстан Республикасының қор биржасындағы соңғы нарықтық құны негізінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасының қор биржасында нарықтық құны жоқ бағалы қағаздар қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылданбайды.

65. Қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылданатын нарықтық емес активтердің құны банктің нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратты соңғы жаңарту күніндегі жағдай бойынша бағаланады.

Ұлттық Банк нарықтық емес активтерді кепіл ретінде қабылдаған кезде, олардың құны Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес кепіл ретінде қабылданатын нарықтық емес активтердің құнын есептеу формуласына сәйкес есептеледі.

66. Ұлттық Банк дисконтты банктің қамтамасыз ету пулына енгізілген нарықтық емес активтер құнына қолданады. Нарықтық емес активтер үшін дисконт мөлшері:

1) жиырма бес пайыздан,

2) провизиялармен өтеу коэффициентінен артық болатын мәнінен белгіленеді.

Провизиялармен өтеу коэффициенті банкпен қалыптастырылған провизиялардың ( резервтердің) банктік қарыздың негізгі борышына ара қатысы ретінде есептеледі. Уәкілетті органда нарықтық емес активтердің едәуір құнсыздануы туралы ақпарат болған жағдайда, провизияларды (резервтерді) бағалау үшін уәкілетті органның күтілетін шығындарының мәні пайдаланылады.

## 9-тарау. Қарыз талаптарын орындауды мониторингтеуді жүргізу тәртібі

67. Ұлттық Банк қарыз берген соң Ұлттық Банк қарыз бойынша банк міндеттемелерін орындауға, банктің қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың, қарыз шартының және кепіл шартының талаптарын, Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген қарызды қамтамасыз ету талаптарын сақтауға мониторинг жүргізеді.

68. Банк күнтізбелік отыз күннен артық мерзімге берілген қарыздар үшін айына бір реттен кем емес Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген құжаттарға, ақпаратқа және (немесе) мәліметтерге қосымша мына құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді:

1) уәкілетті органға: банктің қорландыру жоспарын орындағаны және қысқа мерзімді өтімділік дефицитінен өту бойынша қабылданған шаралар туралы;

2) Ұлттық Банкке: Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кепілге ұсынылған нарықтық активтердің сипаттамалары туралы ақпаратты ұсынады.

Құжаттар, ақпарат және (немесе) мәліметтер кезекті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

Ұлттық Банктің сұратуы бойынша банктің қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың, қарыз шартының және кепіл шартының талаптарын орындауына мониторинг жүргізу мақсатында банк құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді сұратуда көрсетілген мерзімде ұсынады.

69. Уәкілетті орган кем дегенде айына бір рет банктің қаржылық жағдайының мониторингі нәтижелерін, банктің қорландыру жоспарын орындағаны туралы мәліметтерді және Ұлттық Банкте кепілдегі нарықтық емес активтердің ағымдағы жәй-күйі туралы мәліметтерді Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпарат нысаны бойынша Ұлттық Банкке жібереді.

70. Уәкілетті орган кепілге қабылданған нарықтық емес активтердің Қағидалар талаптарына сәйкес келмегенін анықтаған жағдайда, уәкілетті орган аталған фактіні анықтаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке кепілдегі нарықтық емес активтердің сәйкес келмегені туралы хабарлайды.

71. Егер банк кепілге қабылданған нарықтық және (немесе) нарықтық емес активтердің Қағидалар талаптарына сәйкес келмегенін, оның ішінде нарықтық емес активтер сапасы нашарлауының шынайы айғақтарының бар екендігін анықтаған жағдайда, аталған фактілер туындаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде банк бұл туралы Ұлттық Банкке хабарлайды және қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылдау үшін Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген нарықтық активтер туралы (нарықтық активтер бар болса) құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсынады.

Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген қарызды қамтамасыз ету талаптарын орындау үшін нарықтық активтер жеткіліксіз болған жағдайда, Ұлттық Банк қарыз бойынша кепілге қабылдау үшін қамтамасыз ету пулынан нарықтық емес активтерді іріктейді.

72. Ұлттық Банк кепілге қабылданған нарықтық активтердің Қағидалар талаптарына сәйкес келмегенін анықтаған жағдайда, Ұлттық Банк Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген қарызды қамтамасыз ету талаптарын орындау үшін нарықтық активтерді ұсыну қажеттілігі туралы банкке хабарлайды. Қарызды қамтамасыз ету талаптарын орындау үшін банкте нарықтық активтер жеткіліксіз болған жағдайда, Ұлттық Банк қарыз бойынша кепілге қабылдау үшін қамтамасыз ету пулынан нарықтық емес активтерді іріктейді.

73. 70, 71 және 72-тармақтарға сәйкес Ұлттық Банк және банк кепіл шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді. Ұлттық Банк қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде іріктеп алынған активтер тізімін қоса бере отырып, кепіл шартына қосымша келісімнің екі данасын банкке жібереді. Банк кепіл шартына қосымша келісімнің қол қойылған даналарын Ұлттық Банктен құжаттар алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкке қайтарады.

Қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде іріктеп алынған активтердің кепілін тіркеу Қағидалардың 52-тармағына сәйкес жүзеге асырылады. Қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде іріктеп алынған активтер кепілін тіркегеннен кейін кепіл шартына қосымша келісімнің Ұлттық Банк қол қойған данасы банкке қайтарылады.

74. Уәкілетті орган банктің Ұлттық Банк туралы Заңның 51-3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда, уәкілетті

орган Банктер және банк қызметі туралы заңның 61-6 және 61-7-баптарына сәйкес уәкілетті орган тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке хабарлайды.

75. Ұлттық Банк мынадай фактілердің кез келгені анықталған кезде банкке қарыз бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара мерзімінен бұрын орындау туралы жазбаша түрде талап қояды:

1) банктің қаржылық жағдайының нашарлауының шынайы айғақтарының болуы, бұл банктің ақшалай міндеттемелерді орындамауына және (немесе) пруденциялық нормативтердің бұзылуына апаруы мүмкін;

2) банктің Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарына сәйкес келмеуі;

3) банктің Ұлттық Банкпен жасалған шарттар талаптарын бұзуы және (немесе) Қағидалардың талаптарын сақтамауы, оның ішінде Қағидалардың 11-тармағында көзделген қарыздың қамтамасыз етілу талаптарын бұзуы және Ұлттық Банктің кепілге қабылдауына қолайлы активтердің болмауы;

4) банктің уәкілетті органға және (немесе) Ұлттық Банкке дәйексіз, расталмаған, оның ішінде банкке қарыз берілгеннен кейін уәкілетті орган дәйексіздігін және расталмағанын анықтаған қорландыру жоспарындағы құжаттарды, ақпаратты және ( немесе) мәліметтерді ұсынуы.

Қарызды мерзімінен бұрын қайтару үшін негіз болып табылатын фактілер анықталған кезде уәкілетті орган және (немесе) Ұлттық Банк аталған фактілер анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бір-біріне хабарлайды.

Банк Ұлттық Банктің қарыз шартында көрсетілген деректемелеріне Ұлттық Банк осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ақша жібереді.

76. Банк қарыз бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Ұлттық Банк уәкілетті органға Банктер және банк қызметі туралы заңның 7-2-тарауында көзделген қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен төлемге қабілетсіз банктерді реттеу бойынша шараларды қабылдау туралы мәселені қарау үшін банктің қарыз бойынша дефолты туралы хабарлайды, сондай-ақ қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылатын нарықтық емес активтерді сату туралы шешім қабылдау үшін уәкілетті органнан екінші деңгейдегі банктердің тізбесін сұратады. Уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктердің тізбесінде көрсетілген пруденциялық нормативтер мен лимиттерді сақтай отырып, Ұлттық Банк сұрату жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осындай активтерді сату туралы шешім қабылдау үшін Ұлттық Банкке екінші деңгейдегі банктердің тізбесін ұсынады.

77. Ұлттық Банктің талаптарын қанағаттандыруды Қағидалардың 76-тармағында көрсетілген уәкілетті орган жіберген тізімнен Ұлттық Банктің талаптарын қанағаттандыру үшін басқа банктерге немесе банктердің кредит портфельдерінің

сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымға немесе ипотекалық ұйымға (бұдан әрі – үшінші тұлғаларға) Ұлттық Банктің талаптарын қанағаттандыру мақсатында Ұлттық Банктің кепілдегі нарықтық активтерді өзінің меншігіне айналдыруы және (немесе) банктің кепілдегі нарықтық емес активтерін сатуы арқылы соттан тыс тәртіппен жүзеге асырады.

78. Банк банктік қарыз шарттары бойынша құқықтарды (талап етуді) сатып алушы үшінші тұлғаға беруді толық аяқтағанға дейін ол бойынша банктің қарыз алушыларына қызмет көрсетуді жалғастырады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі ұсынатын соңғы
сатыдағы қарыздар туралы
қағидаларға
1-қосымша

## Нарықтық емес активтерге талаптар

| Көрсеткіш | Талаптар |
|---|---|
| 1. Банктік қарыз шартының сапасы | Банктік қарыз шарты бойынша:<br>1) банктің құқығына (талап ету) шектеулер және (немесе) ауыртпалықтар жоқ;<br>2) банкке банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға немесе Ұлттық Банкке беруге тыйым салатын талаптар жоқ;<br>3) көрсетілген талап ету құқығына қатысты банктің құқығын (талап етуді) өндіріп алу үшін даулар және кедергілер жоқ;<br>4) банктің халықаралық қаржылық есептілік стандарты бойынша провизияларды қалыптастыру әдістемесіне, сондай-ақ қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның пруденциялық нормативтерді, өзге де міндетті нормалар мен лимиттерді, нормативтер мен лимиттерді есептеу нормативтерін және есептеу әдістерін, банк капиталының мөлшерін белгілеу жөніндегі талаптарына сәйкес:<br>- кредиттік тәуекелі біршама ұлғайған қарыздарға;<br>- құнсыздануы объективтік расталған қарыздарға жатпайды;<br>5) кепіл препозициясы рәсімдері үшін банктік қарыз шарттары оларды өтеу мерзімі күнтізбелік алты айдан ерте басталмайтын кезде қабылданады;<br>6) Ұлттық Банк соңғы сатыдағы қарызды беру кезінде кепілге банктік қарыз шарттары таңдалады, егер олардың өтеу мерзімі соңғы сатыдағы қарызды өтеу мерзімі басталғаннан кейін күнтізбелік тоқсан күннен кейін басталатын болса;<br>7) негізгі борыш және есептелген сыйақы бойынша берешекті өтеу кезеңділігі айына бір реттен жиі емес және алты айда бір реттен сирек емес белгіленген;<br>8) негізгі қарыз және есептелген сыйақы бойынша берешекті өтеу үшін ақша түсімдері бар;<br>9) банк қарыз алушысының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты банктік қарыздарды қайта қаржыландыру және (немесе) қайта құрылымдау жоқ. |
| | Банктің қарыз алушысы міндеттемелерінің орындалуы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және аяқталмаған құрылыс объектісі болып табылмайтын, банктен бөлек өзге тұлғалардың шектеулері және (немесе) ауыртпалықтары салынбаған тұрғын үй және (немесе) коммерциялық жылжымайтын мүлік түріндегі жылжымайтын мүлік кепілімен қамтамасыз етілген.<br>Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес (оның ішінде жыл сайынғы бағалауды өткізу кезінде) бағалау қызметінің субъектісі және (немесе) банк кепілді қамтамасыз ету бойынша қорытынды жасаған кезде Қағидалардың 23- |

| | |
|---|---|
| 2. Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету | тармағында көзделген кепіл препозициясы туралы өтінішхат берілген күнге дейін алты айдан ерте емес айқындаған банктік қарыз шарты бойынша банктің қарыз алушысы міндеттемелерінің орындалуы қамтамасыз етілген жылжымайтын мүлікті сатудан түскен түсімдердің дисконтталған құны банктік қарыз шарты бойынша негізгі борыш және есептелген сыйақы бойынша берешек қалдығының сомасын өтейді. Жылжымайтын мүлікті сатудан түскен түсімдердің дисконтталған құнын есептеу кезінде кемінде жиырма төрт айды құрайтын кепілдегі мүлікті өткізу мерзімі ескеріледі және 0,7 (нөл бүтін оннан жетіден) аспайтын мөлшерде өтімділік коэффициенті қолданылады.<br>Бірнеше банктік қарыз шарты бойынша банктің бір немесе бірнеше қарыз алушысы міндеттемелерінің орындалуы бір жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген жағдайда, мұндай банктік қарыз шарттары банктің кепілге қабылданған бір нарықтық емес активі ретінде есептеледі.<br>Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелердің орындалуына қойылатын осы тармақтың талаптары жеке тұлғалармен жасалған және 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде көзделген тәсілдермен қамтамасыз етілмеген банктік қарыз шарттарына қолданылмайды. |
| 3. Банктік қарыз шартының валютасы | Теңге |
| 4. Банктің заңды тұлға қарыз алушысы | Мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап кемінде үш жыл өткен заңды тұлға, ол мынадай талаптарға сай болады:<br>1) банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға емес;<br>2) төлем төлеуге қабілетті және салық берешегі жоқ.<br>Қағидалардың 23-тармағында көзделген кепіл препозициясы туралы өтінішті берген кезде банктік қарыз шарттары бойынша он бес күннен аса мерзімі өткен берешегі жоқ. |
| 5. Банктің жеке тұлға қарыз алушысы | Жеке тұлғалармен жасалған банктік қарыз шарттарын банк біртекті банктік қарыздар портфелі ретінде жіктейді.<br>Банк біртекті банктік қарыздар портфелі ретінде жіктемеген жеке тұлғалармен жасалған және жеке бағаланатын банктік қарыз шарттары кепіл препозициясына қабылданбайды.<br>Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлға банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға болып табылмайды.<br>Ипотекалық тұрғын үй қарыздарының пулы үшін қарыз бойынша негізгі қарыз сомасының ипотекалық тұрғын үй қарызын қамтамасыз ету үшін берілген жылжымайтын мүліктің есептік құнына қатынасы сексен пайыздан аспайды (loan-to-value).<br>Жыл бойына біртекті банктік қарыздар портфелі бойынша дефолт жағдайында, банктің соңғы үш күнтізбелік жыл кезеңіндегі статистикалық ақпараты негізінде есептелген қарыздардың күтілетін үлесі бес пайыздан аспайды.<br>Банктік қарыз шарттары және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген қамтамасыз етілмеген тәсілдермен жасалған банктік қарыз шарттары бойынша негізгі борыш пен есептелген сыйақы бойынша қалдық Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және Қағидалардың 23 және 40-тармақтарында көзделген кепіл препозициясы туралы өтініш хатты және қарыз беру туралы өтініш хатты ұсыну күндерінде қолданыстағы екі мың айлық есептік көрсеткіштен аспады. |

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі беретін
соңғы сатыдағы қарыздар
туралы қағидаларға
2-қосымша

Нысан

## Соңғы сатыдағы қарызды берудің жалпы талаптары туралы шарт

Осы Соңғы сатыдағы қарызды берудің жалпы талаптары туралы шарт (бұдан әрі – Қарыздың жалпы талаптары туралы шарт) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы ________________ № ____ және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы __________ ______ № ____ бірлескен қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларға (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес айқындалғандай, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" және жеке-жеке "Тарап" деп аталатын, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің атынан және мүддесінде әрекет ететін "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк), "Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Агенттік) және екінші деңгейдегі банктің (бұдан әрі – Банк) арасындағы қатынастарды кепіл препозициясы рәсімінен өту және Ұлттық Банктің соңғы сатыдағы қарыздарын беру кезінде реттейді.

## 1. Шарттың мәні

1.1 Қарыздың жалпы талаптары туралы шарт Банктер үшін Ұлттық Банктің соңғы сатыдағы қарыздарды (бұдан әрі – қарыз, қарыздар) беру тетігіне қосылудың үлгі шарты болып табылады.

1.2 Ұлттық Банк Банкке "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң) 51-3-бабында, Қарыздың жалпы талаптары туралы шартта және Қағидаларда айқындалған тәртіппен және талаптарда кепіл препозициясына және қарыздар беру тетігіне қатысу мүмкіндігін береді. Банк Қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың талаптарын Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу жолымен қабылдайды.

1.3 Қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың мәні егер олар Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нарықтық емес активтерге қойылатын талаптарға сәйкес келетін және қамтамасыз ету пулына енгізілген болса, қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылданатын, банктің қарыз алушысы мен банктің арасында жасалған банктік қарыз шарттары (бұдан әрі – банктік қарыз шарты) бойынша Банктің құқықтар (талаптар) кепілі препозициясы рәсімінен өтуінің жалпы тәртібін (бұдан әрі – нарықтық емес активтер) айқындау, сондай-ақ қарыз беру және Банктің қарыз бойынша міндеттемелерді орындау тәртібін айқындау болып табылады.

1.4 Ұлттық Банк қарыздар беру тетігі шеңберінде Банкке Ұлттық Банк Басқармасының қаулысында айқындалған және қарыз беру туралы хабарлама мен Соңғы сатыдағы қарыз шартында (қарыздың жеке талаптары) (бұдан әрі – Қарыз шарты) көрсетілген мөлшерде Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотқа ақша аудару жолымен қарыз береді, ал Банк Қарыз шартына сәйкес алынған қарыз бойынша берешекті өтеуге және Қарыздың жалпы талаптары туралы шартта, Қағидаларда және Қарыз шартында айқындалған талаптарда және тәртіппен ол бойынша сыйақы төлеуге міндеттенеді.

1.5 Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі қарызды толық көлемде өтеу күніне дейін қарызды беру немесе ұзарту күні қолданыстағы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің екі пайыздық тармаққа ұлғайтылған деңгейінде белгіленеді.

1.6 Қарыздың бүкіл мерзімі ішінде толық көлемдегі сыйақыны ескергендегі кепілге берілген банк активтерінің құны дисконтты ескергендегі қарыздың сомасынан асқан жағдайда қарыз қамтамасыз етілген болып саналады.

1.7 Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосыла отырып, Банк Қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың барлық талаптарымен танысқаны, келісетіні және қабылдайтыны туралы растайды, сондай-ақ Қағидалармен және Қатысу және қарыз шартымен белгіленген кепіл препозициясынан өту, қарызды беру, Банктің қарыз бойынша міндеттемелерді орындау тәртібімен және талаптарымен, кепілге қабылданатын активтердің құнын бағалау әдістемесімен, қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету мақсатында кепілді қалыптастыру тәртібімен, қарызды қамтамасыз ету талаптарын айқындау тәртібімен келіседі, сондай-ақ Агенттіктің кепіл препозициясы шеңберінде оны тарту қажеттілігі туындаған кезде бағалау қызметі субъектісінің қызметтеріне ақы төлеуге келіседі.

1.8 Банктің Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылуы Ұлттық Банктің Банкке қарыз беру міндеттемесі болып табылмайды және Банктің қарыз алу үшін Ұлттық Банкке өтініш жасау міндеттемесі болып табылмайды.

1.9 Банк қарызға өтініш жасаған жағдайда қарызды қамтамасыз етуге және (немесе) нарықтық емес активтер кепіліне қабылданатын нарықтық активтер тізіміне кіретін өтімділігі жоғары және тәуекелі төмен бағалы қағаздардың кепілі (бұдан әрі – нарықтық активтер) Қағидаларға, Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа және Қарыз шартына сәйкес Ұлттық Банк беретін қарыздың қамтамасыз етуі болып табылады.

Нарықтық және (немесе) нарықтық емес активтерді кепілге беру тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Банктің және Ұлттық Банктің арасында жасалатын кепіл шартында айқындалады.

1.10 Қарыздың мерзімін ұзарту Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабына және Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

1.11 Қарыз бойынша туындайтын өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде Қағидаларда және Қарыздың жалпы талаптары туралы шартта реттеледі. Қатысу және қарыз шартында реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

1.12 Нарықтық және (немесе) нарықтық емес активтердің кепілін тіркеуге, өзгертуге, толықтыруға, сондай-ақ тоқтатуға байланысты Тараптар ұшыраған шығыстарды кепілді тіркеуге, өзгертуге, толықтыруға және тіркелген кепілді тоқтатуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыратын Тарап төлейді.

1.13 Қарыздың жалпы талаптары туралы шартта қамтылған ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде Қағидаларда белгіленген мағыналарда пайдаланылады.

## 2. Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу талаптары

2.1 Қарыздарды беру тетігіне қатысу үшін Банк Ұлттық Банкке Банктің бірінші басшысы не ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адам қол қойған, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу туралы өтінішті (бұдан әрі – қосылу туралы өтініш) ұсынады.

2.2 Банк бірмезгілде Ұлттық Банкке көшірмесін қоса бере отырып, қосылу туралы өтініш бергені туралы Агенттікті жазбаша түрде хабардар етеді .

2.3 Агенттік қосылу туралы өтініш келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қосылу туралы өтініш күніндегі жағдай бойынша Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға Банктің сәйкес келуі туралы мәліметтерді Ұлттық Банкке жібереді. Ұлттық Банкке жіберілетін Агенттіктің мәліметтеріне Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу туралы Агенттіктің тарапынан қол қойылған хабарлама не Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосудан бас тарту туралы хабарлама қоса беріледі.

Ұлттық Банк Банктің ең төменгі резервтік талаптарды сақтауын және Банктің Ұлттық Банк алдында мерзімі өткен берешегінің жоқтығын тексереді. Ұлттық Банк қосылу туралы өтінішті, осы тармақта көрсетілген құжаттарды, ақпаратты және (немесе ) мәліметтерді қарау нәтижелері бойынша Банкке Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Агенттік және Ұлттық Банк қол қойған Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосу туралы хабарламаны не Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосудан бас тарту туралы хабарламаны Ұлттық Банкке Агенттіктен осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген Банк туралы мәліметтер келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

2.4 Егер Банк Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылғаннан кейін Агенттік Банкті оның депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер

төндіретін және (немесе) Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін банктердің санатына немесе төлем жасауға қабілетсіз банктердің санатына жатқызса, Ұлттық Банк "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 61-6 немесе 61-7-баптарына сәйкес Агенттіктен шешімді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Банктің Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуын тоқтатады, Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуды тоқтату туралы хабарламаны Банкке жібереді, сондай-ақ Агенттікке Банктің Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуы тоқтатылғаны туралы хабарлайды.

Банктің Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуын тоқтатуы Агенттіктің қамтамасыз ету пулынан препозициядан өткен нарықтық емес активтерді алып тастауына әкеп соғады. Банктің бұрын берілген қарыз бойынша Ұлттық Банк алдындағы міндеттемелері Ұлттық Банктің кредитор және кепіл ұстаушы ретіндегі барлық құқықтары сияқты толық көлемде сақталады.

Банктің Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуы Қағидалардың 2.1, 2.2 және 2.3-тармақтарында көзделген іс-шараларды жүзеге асыру жолымен қайта басталады.

## 3. Кепіл препозициясының және кепіл препозициясындағы нарықтық емес активтердің мониторингі талаптары

3.1 Егер нарықтық емес активтер Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нарықтық емес активтерге қойылатын талаптарға сәйкес келсе, кепіл препозициясы рәсімінен өтсе және қамтамасыз ету пулына енгізілсе, Ұлттық Банк оларды қарыз бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылдайды.

3.2 Банк нарықтық емес активтерін Қағидалардың талаптарына сәйкес келуін тексеру және олардың құнын айқындау үшін қарыз алуға өтініш бергенге дейін алдын ала кепіл препозициясын жүзеге асырады.

3.3 Кепіл препозициясы үшін Банк Агенттікке Банктің бірінші басшысы не ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адам қол қойған, Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепіл препозициясы туралы өтінішті (бұдан әрі – кепіл препозициясы туралы өтініш) береді және бірмезгілде Агенттікке көшірмесін қоса бере отырып, кепіл препозициясы туралы өтінішті ұсынғаны туралы Ұлттық Банкті жазбаша түрде хабардар етеді.

3.4 Банк кепіл препозициясы туралы өтінішті жолдай отырып, ұсынылған құжаттардың, ақпараттың және (немесе) мәліметтердің дәйектілігін және кепіл препозициясы туралы өтінішхатқа қоса берілген Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратта

көрсетілген нарықтық емес активтерге қатысты шектеулердің және (немесе) ауыртпалықтардың, Банкке нарықтық емес активтерді үшінші тұлғаға немесе Ұлттық Банкке беруге тыйым салатын талаптар, нарықтық емес активтерден өндіріп алу үшін даулар мен кедергілер, аталған банктік қарыз шарттарын жарамсыз деп тану үшін негіз жоқ екенін, сондай-ақ құқықтары (талаптары) кепіл препозициясы туралы өтінішхатқа қоса берілген Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратта көрсетілген банктік қарыз шарттары бойынша қарыз алушыларға қатысты "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес олардың күдікті операциялар жүргізгені туралы мәліметтер жоқ екенін растайды.

3.5 Банк кепіл препозициясы туралы өтінішхатта Қағидалардың 4-тарауында көзделген талаптарды сақтай отырып және Қағидалардың 24-тармағына сәйкес құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді қоса бере отырып қамтамасыз ету пулына енгізу үшін, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нарықтық емес активтергеқойылатын талаптарға сай келетін нарықтық емес активтерді көрсетеді.

3.6 Уәкілетті орган кепілдің препозициясы туралы өтініштің және Қағидалардың 24 пен 25-тармақтарында көзделген құжаттардың, ақпараттың және (немесе) мәліметтердің негізінде Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ұсынылған активтердің нарықтық емес активтеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін тексереді және нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулына енгізу не енгізуден бас тарту жөнінде шешім қабылдайды, банкке Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулына енгізуден бас тарту туралы хабарламаны немесе Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулына енгізгені тарту туралы хабарламаны жібереді және қамтамасыз ету пулындағы әрбір нарықтық емес активке бірегей сәйкестендіру нөмірін бере отырып, қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтердің тізімін қоса береді, банк пен Ұлттық Банк үшін қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтер туралы ақпаратқа тұрақты қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

3.7 Банк кепілдің препозициясынан өткен және қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтер бойынша жаңартылған құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді Қағидаларда көзделген тәртіпте және мерзімде Агенттікке ұсынады.

## 4. Қарыз беру талаптары

4.1 Ұлттық Банк банкке қарызды Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабында, осы Қағидаларда және Қарыздың жалпы талаптары туралы шартта көрсетілген тәртіппен және талаптармен береді.

4.2 Банк нарықтық және (немесе) нарықтық емес активтерді кепілге ұсыну үшін барлық қажетті рұқсаттар мен келісімдер алынғанын растайды, сондай-ақ Ұлттық Банк қарыз берген жағдайда қарыз беру туралы өтініш күні Ұлттық Банктің нарықтық және ( немесе) нарықтық емес активтерді кепілге қабылдауына кедергі болатын қандай да бір үшінші тұлғалардың құқықтары жоқ екеніне кепілдік береді.

4.3 Банк алған қарызды және ол бойынша есептелген сыйақыны қарызды беру туралы хабарландыруда және Қарыз шартында көрсетілген мерзімде қайтарады.

4.4 Күнтізбелік отыз күнге дейінгі мерзімге берілген қарыз бойынша сыйақы төлеу негізгі борыштың барлық сомасын өтеумен қатар бір уақытта жүзеге асырылады, ал күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімге берілген қарыз бойынша – әр кезекті айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша. Қарыз өтелетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен аз уақыт қалса, сыйақы төлеу негізгі борыштың барлық сомасын өтеумен қатар бір уақытта жүзеге асырылады.

4.5 Банктің қарыз бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара мерзімінен бұрын орындауына рұқсат етіледі. Мерзімінен бұрын өтеу кезінде сыйақы мөлшері қарыз мәні пайдаланылған нақты уақытқа есептеледі.

4.6 Мына факторлардың кез келген біреуін анықтау қарызды мерзімінен бұрын қайтаруға негіз болып табылады:

Банктің ақшалай міндеттемелерді орындамауына және (немесе) пруденциялық нормативтерді бұзуына апаруы мүмкін Банктің қаржылық жағдайының нашарлауының шынайы айғақтарының болуы;

2) Банктің Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарына сәйкес келмеуі;

3) Банктің Ұлттық Банкпен жасалған шарттар талаптарын бұзуы және (немесе) Қағидалардың талаптарын сақтамауы, оның ішінде қарыздың қамтамасыз етілу талаптарын бұзуы және Ұлттық Банктің кепілге қабылдауына қолайлы активтердің болмауы;

4) банктің Агенттікке және (немесе) Ұлттық Банкке дәйексіз, расталмаған, оның ішінде Банкке қарыз берілгеннен кейін Агенттік дәйексіздігін және расталмағанын анықтаған қорландыру жоспарындағы құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсынуы.

4.7 Қарыз шеңберінде алынған ақшаны Банк:

1) қарыздар беруге арналған инвестицияларды және активтерді құру жөніндегі басқа да операцияларды жүзеге асыру;

2) Банк немесе онымен тікелей немесе жанама байланысты тұлғалар бенефициары болып табылатын міндеттемелерді орындау;

3) валюта нарығында операциялар жүргізу үшін, оның ішінде валюталық тәуекелдерді хеджирлеу;

4) Банктің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу үшін пайдалана алмайды.

4.8 Ұлттық Банк пен банк арасындағы қарыз бойынша өзара қарым-қатынастар Ұлттық Банк қарыз берген күннен бастап туындайды және ол бойынша есептелген сыйақы сомасын ескере отырып, қарыздың негізгі сомасын толық қайтаруды қоса алғанда, қарыз бойынша барлық міндеттемелерді Банк толық орындаған кезде, сондай-ақ міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алумен келтірілген шығындарды, тұрақсыздық айыбы сомасын, кепіл мәні бойынша шығындар сомасын, берешекті өндіріп алу бойынша шығыстар сомасын және берілген қарызға байланысты өзге Банктің міндеттемелері тоқтатылған кезде Ұлттық Банк Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес Банкке қарыз бойынша міндеттемелерді тоқтату туралы хабарлама жібереді.

## 5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1 Банк:

1) Ұлттық Банкке және Агенттікке ұсынылған құжаттардың, ақпараттың және ( немесе) мәліметтердің дәйектілігін қамтамасыз етуге;

2) Қағидаларда, Қарыздың жалпы талаптары туралы шартта және (немесе) Ұлттық Банктің және (немесе) Агенттіктің сұратуында белгіленген мерзімде Қағидаларда көзделген және (немесе) Ұлттық Банк және (немесе) Агенттік сұратқан құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсынуға;

3) Ұлттық Банкке Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу туралы өтініште көрсетілген өзінің деректемелерінің өзгергені туралы олар өзгергенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауға;

4) Банктің Қарыздың жалпы талаптары туралы шартта және Қағидаларда белгіленген кепіл препарациясының және қарыз бойынша міндеттемелерді орындаудың тәртібін сақтауға;

5) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нарықтық емес активтерге қойылатын талаптарға сәйкес келетін нарықтық емес активтерді препозиция туралы өтінішхатқа енгізу;

6) Агенттікке қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтер бойынша жаңартылған құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді: бір айдан бір реттен жиі емес – Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратты, үш айда бір реттен жиі емес – Қағидалардың 24-тармағының 5) тармақшасында көзделген құжаттар бойынша және бір жылда бір реттен жиі емес – Қағидалардың 24-тармағында көзделген құжаттар бойынша осы тармақта айқындалған кезеңдерден кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде ұсынуға;

7) Егер Банкке нарықтық емес активтердің Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеу фактісі туралы және (немесе) қамтамасыз ету пулындағы нарықтық емес активтер сапасының нашарлауының объективті куәліктерінің болуы туралы белгілі

болған жағдайда, фактілер анықталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Агенттікке алып тастау себептерін көрсете отырып, Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтерді қамтамасыз ету пулынан алып тастау туралы өтінішхатты ұсынуға;

8) Ұлттық Банкпен жасалған кепіл шарты шеңберінде туындайтын ауыртпалықтан басқа, қамтамасыз ету пулындағы және (немесе) қарыз бойынша кепілдегі нарықтық емес активтерге ауыртпалық салуға (оның ішінде кепілге беруге) немесе иеліктен шығаруға бағытталған мәмілелер жасамауға немесе өзге де іс-әрекеттер жасауға, сондай-ақ нарықтық емес активтер бойынша осындай ауыртпалықтардың болуын уақтылы анықтау үшін қажетті күш-жігер қабылдауға;

9) Банк кепіл препозициясынан өту үшін Қағидаларда көзделген құжаттардың, ақпараттың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) Агенттіктің сұратуына байланысты құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсынған жағдайда, Агенттік құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жіберген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде және (немесе) сұратуда белгіленген мерзімде жетіспейтін немесе сұратылған құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсынуға;

10) Агенттіктің сұратуы бойынша Агенттіктің қызметкерлеріне және (немесе) бағалау қызметі субъектілеріне нарықтық емес активтерді бағалау және тексеру үшін қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

Ұлттық Банк қарыз берген жағдайда Банк:

11) өтімділіктің идиосинкратиялық күйзелісіне байланысты өтімділіктің қысқа мерзімді тапшылығын өтеуге Ұлттық Банк берген қарызды нысаналы пайдалануды қамтамасыз етуге;

12) егер қарыз сомасы Банктің қарыз беру туралы өтінішінде көрсетілген қарыз сомасынан ерекшеленетін болса, Агенттікке берілген қарыз сомасы есепке алына отырып, түзетілген қорландыру жоспарын ұсынуға;

13) осы тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген құжаттарға, ақпаратқа және ( немесе) мәліметтерге қосымша ай сайын, онынан кешіктірмей мынадай құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді:

Агенттікке: Банктің қорландыру жоспарын орындағаны және өтімділіктің қысқа мерзімді дефицитінен арылу бойынша қабылданған шаралар туралы;

Ұлттық Банкке: Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілге берілген Банктің нарықтық активтерінің сипаттамалары туралы ақпаратты ұсынуға;

14) Банктің Қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың және кепіл шартының талаптарын сұратуда көрсетілген мерзімде орындауын мониторингтеу мақсатында Ұлттық Банктің сұратуы бойынша құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді ұсынуға;

15) қорландыру жоспарын орындауға және өтімділіктің қысқа мерзімді дефицитінен арылу бойынша шаралар қабылдауға;

16) қарыз мерзімін ұзарту үшін Ұлттық Банкке қорландыру жоспарын орындамау себебін көрсетіп және қарыз мерзімін ұзарту туралы өтініште көрсетілген мерзімге сәйкесетін кезеңге арналған қорландыру жоспарын қоса тіркей отырып Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз мерзімін ұзарту туралы өтінішті жіберуге;

17) Ұлттық Банкті нарықтық және (немесе) нарықтық емес активтердің Қағидалар талаптарына сәйкес келмеуі туралы, оның ішінде нарықтық емес активтер сапасының нашарлауының нақты айғақтарының болуы туралы осы фактілер туындаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде хабардар етуге және қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде қабылдау үшін Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген нарықтық активтер туралы құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді (нарықтық активтер болған кезде) жіберуге;

18) алынған қарызды Қарыз шартында белгіленген мерзімде қайтаруға және ол бойынша есептелген сыйақы сомасын Қағидаларда және Қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың 4.4-тармағында белгіленген тәртіппен төлеуге, сондай-ақ (орын алған жағдайда) кепілді ұстап тұру бойынша шығасыларды, берешекті өндіріп алу шығыстарын және берілген қарызға байланысты басқа да ықтимал шығыстарды төлеуге;

19) қарызды және ол бойынша есептелген сыйақыны уақтылы өтеуге ықпал ете алатын жағдайлар туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл туралы Ұлттық Банкке және Агенттікке хабарлауға;

20) Қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың 4.6-тармағында көрсетілген фактілер анықталған кезде, сондай-ақ үшінші тұлғалар қарыз бойынша кепілде тұрған активтерге талаптар қойған жағдайда, Ұлттық Банк қарыз бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау туралы талап қойған жағдайда, алынған қарызды және ол бойынша есептелген сыйақы сомасын мерзімінен бұрын қайтаруға;

21) қарыз бойынша міндеттемелерді орындау күні және (немесе) Банктің бастамасы бойынша қарыз заты мерзімінен бұрын қайтарылған жағдайда Ұлттық Банктің деректемелеріне ақша жіберуге;

22) кепілде тұрған нарықтық емес активтер бойынша банктік қарыз шарттары бойынша сатып алушы-үшінші тұлғаға құқықты (талаптарды) беру толық аяқталғанға дейін олар бойынша банктің қарыз алушыларына қызмет көрсетуді жалғастыруға міндеттенеді.

5.2 Агенттік:

1) Қағидалармен белгіленген кепіл препозициясы рәсімін жүргізу тәртібін сақтауға;

2) Қағидаларда көзделген құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді қарауға және Банкке Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде құжаттар, ақпарат және (немесе) мәліметтер бойынша қабылданған шешімдер туралы хабарлауға;

3) Ұлттық Банкке Қағидаларда көзделген құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді Қағидаларда белгіленген мерзімде немесе Ұлттық Банктің сұратуы шеңберінде сұратуда көрсетілген мерзімде ұсынуға;

4) Банктің қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылу жөніндегі өтініш туралы хабарламасын алған кезде, Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға Банктің сәйкес келуі туралы мәліметтерді Банктен қосылу туралы өтініш келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке жіберуге;

5) егер Банк өзінің депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қауіп төндіретін және (немесе) Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығына қауіп келтіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына немесе төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған жағдайда, бұл туралы Банктер және банк қызметі туралы заңда белгіленген мерзімде Ұлттық Банкке хабарлауға;

6) айдың басында кезекте нарықтық емес активтер болған кезде, қамтамасыз ету пулына қосу немесе қосудан бас тарту туралы шешім қабылдау мақсатында бір айдың ішінде кезекте тұрған нарықтық емес активтердің ішінен жеке банктік қарыздар үшін кемінде елу бірлікті және бірыңғай банктік қарыз портфельдері үшін екі бірлікті қарауға;

7) Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін Банктің нарықтық емес активтерін қамтамасыз ету пулына қосуға;

8) бір жылда бір реттен жиі емес құқықтары (талаптары) қамтамасыз ету пулында болатын банктік қарыз шарттары бойынша банк қарыз алушыларының қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізуге;

9) осындай мониторинг аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген банктік қарыз алушылардың қаржылық жай-күйіне жүргізілген мониторинг нәтижелерін Ұлттық Банкке жіберуге;

10) қамтамасыз ету пулына енгізілген нарықтық емес активтер бойынша Ұлттық Банкке Банктің препозиция туралы өтінішін қарау нәтижелері бойынша кепіл ретінде қабылдауға болатын банктің нарықтық емес активтерін анықтау туралы қорытындыны ұсынуға;

11) уәкілетті орган толтыру үшін ұсынған Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарықтық емес активтердің сипаттамалары туралы ақпаратты жаңартуға;

12) Банктің және Банктің кепіл препозициясына өткен нарықтық емес активтерінің Қағидалардың талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізуге;

13) Банкке және Ұлттық Банкке қамтамасыз ету пулында нарықтық емес активтер туралы ақпаратқа тұрақты қол жетімділікті қамтамасыз етуге;

14) Банктің қарыз беру жөніндегі өтінішхаты туралы хабарламаны және қорландыру жоспарын қарауға, банктің Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабының 1-

тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкестігін тексеруге, Агенттікке хабарлама және қорландыру жоспары келіп түскен күннен бастап күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімде қарыз берудің орындылығы туралы қорытындыны дайындауға және Ұлттық Банкке жіберуге;

15) Қарыз берудің орындылығы туралы оң қорытынды болған жағдайда қамтамасыз ету пулынан кепілге алу үшін нарықтық емес активтердің алдын-ала тізбесін қалыптастыруға және оны қарыз берудің орындылығы туралы қорытындымен Ұлттық Банкке жіберуге;

16) Ұлттық Банк айына кемінде бір рет Банкке қарыз берген жағдайда Банктің қаржылық жағдайының мониторингі нәтижелерін, банктің қорландыру жоспарын орындағаны туралы мәліметтерді және Ұлттық Банкте кепілдегі нарықтық емес активтердің ағымдағы жәй-күйі туралы мәліметтерді Ұлттық Банкке жіберуге;

17) кепілге алынған нарықтық емес активтердің Қағидалар талаптарына сәйкес келмегенін анықтаған жағдайда, аталған фактіні анықтаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке кепілдегі нарықтық емес активтердің сәйкес келмегені туралы хабарлауға;

18) Қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың 4.7-тармағында көрсетілген қарызды мерзімінен бұрын қайтаруға негіз болып табылатын фактілер анықталған жағдайда, Ұлттық Банкке осындай фактілер анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде хабарлауға;

19) Ұлттық Банктің сұратуы бойынша банктердің тізбесінде көрсетілген пруденциялық нормативтер мен лимиттерді сақтай отырып, сұрату жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осындай активтерді сату туралы шешім қабылдауы үшін Ұлттық Банкке екінші деңгейдегі банктердің тізбесін ұсынуға міндеттенеді.

5.3 Ұлттық Банк:

1) Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабында, Қағидаларда және Қарыздың жалпы талаптары туралы шартта белгіленген қарыз беру тәртібін сақтауға;

2) Қағидаларда көзделген құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді қарауға және Банкке құжаттарға, ақпаратқа және (немесе) ақпаратқа қатысты қабылданған шешімдер туралы Ережеде белгіленген тәртіппен және мерзімде Банкке хабарлауға;

3) Берілген қарыз сомасын Банктің қарыз беру туралы өтінішінде көрсетілген корреспонденттік шотына аударуға;

4) Банк кепілмен қамтамасыз етілген қарыз бойынша міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындаған кезде кепілді тоқтатуға;

5) Ұлттық Банк артығымен өндіріп алған ақшаны Банктің корреспонденттік шотына қайтаруға;

6) Банк қарыз бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда оларды меншігіне айналдыру кезінде, қарыз мәні болып

табылатын, Ұлттық Банктің ол бойынша кепілге салынған активтерді сатудан түскен түсімнің немесе құнының Ұлттық Банктің Банкке қарыз бойынша талаптарының сомасынан асып кеткен соманы Банктің корреспонденттік шотына Ұлттық Банктің қарыз бойынша талаптарын толық өтегеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей аударуға міндеттенеді.

5.4 Банк:

1) Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қосылған кезде соңғы сатыдағы қарызды алуға өтінішхатпен Ұлттық Банкке жүгінуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарын жүзеге асыруға құқылы.

5.5 Агенттік:

1) нарықтық емес активтерді бағалау және тексеру үшін банкпен келісу бойынша банктің қаражаты есебінен бағалау қызметінің субъектілеріне өтініш жасауға;

2) Банктен Қағидаларда көзделген құжаттарды, ақпаратты және (немесе) мәліметтерді талап етуге;

3) Агенттік қызметкерлерін және (немесе) бағалау қызметінің субъектілерін нарықтық емес активтерді бағалау және тексеру үшін кіргізуді талап етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарын жүзеге асыруға құқылы.

5.6 Ұлттық Банк:

1) Қарыздың жалпы талаптары туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған, не дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактілері анықталған жағдайда Банкке қарыз беруден бас тартуға;

2) Банктен Қарыздың жалпы талаптары туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге;

3) Банк Ұлттық Банк туралы заңның 51-3-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Банктің Қарыздың жалпы талаптары туралы шартқа қатысуын тоқтатуға;

4) қажет болған жағдайда, нарықтық емес активтерді алдын ала жасалған нарықтық емес активтердің тізбесінен алып тастауға немесе қамтамасыз ету пулындағы басқа активтерге ауыстыруға;

5) нарықтық және (немесе) нарықтық емес активтер Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оның нәтижесінде қарыздың қамтамасыз етілу талаптары бұзылады, қарызды қамтамасыз ету талаптарын орындау үшін қарыз бойынша кепілге қабылдауға арналған қамтамасыз ету пулынан нарықтық емес активтерді іріктеп алуға;

6) Қарыздың жалпы талаптары туралы шарттың 4.6-тармағында көрсетілген фактілер анықталған кезде, сондай-ақ үшінші тұлғалар қарыз бойынша кепілдегі активтерге талап қойған жағдайда, Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара мерзімінен бұрын орындауға талап қоюға;

7) кепіл сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, кепілге қабылдау үшін Банктің нарықтық активтерді ұсынуы есебінен кепіл сомасын толықтыруды талап етуге;

8) Банк Қарыздың жалпы талаптары туралы шарт пен Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде Ұлттық Банктің Қағидаларға сәйкес белгіленген талаптарын қанағаттандыру мақсатында Ұлттық Банктің кепілдегі нарықтық активтерді өзінің меншігіне айналдыруы арқылы және ( немесе) Банктің нарықтық емес активтерді сатып алушы үшінші тұлғаға сатуы арқылы талаптарын қанағаттандыруға қол жеткізуге;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

## 6. Банктің жауапкершілігі

6.1 Банк Қарыздың жалпы талаптары туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

## 7. Конфиденциалдылық

7.1. Тараптар, Тарап құпия деп белгілеген барлық ақпаратты, сондай-ақ Қарыздың жалпы талаптары туралы шарт шеңберінде жүзеге асырылатын операциялар туралы мәліметтерді, егер осындай жария ету заңнамада жазылса не оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, аталған ақпаратты берген Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа екінші жақ Тараптың жария етуіне болмайтынын мойындайды.

## 8. Дауларды шешу тәртібі

